

екінші Тарап мемлекетінің аумағында 30 тәуліктен артық уақыт болуға ниет білдірсе, онда виза алу үшін өздері азаматтары болып табылатын Тарап мемлекетінің дипломатиялық өкілдігінің немесе консулдық мекемесінің жазбаша өтініші қажет.

3-бап

1. Дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар және екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан өздерінің дипломатиялық өкілдіктерінің және консулдық мекемелерінің, ресми өкілдіктерінің, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың қызметкерлері болып табылатын бір Тарап мемлекетінің азаматтары өзінің бүкіл жұмыс кезеңі ішінде екінші Тарап мемлекетінің аумағына визасыз келе алады, кете алады және онда бола алады.

Аталған адамдар өздері болатын мемлекеттегі Сыртқы істер министрлігінде тиісінше аккредиттелуі тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағының ережесі, онда аталған және дипломаттық, қызметтік және ұлттық паспорттардың иегелері болып табылатын адамдардың отбасы мүшелеріне де қолданылады.

4-бап

1. Қазақстан Республикасының Атырау және Маңғыстау облыстарында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының көрсетілген облыстардағы олардың тұрғылықты орнын растайтын Қазақстан Республикасы азаматының ұлттық паспорттары бойынша және жеке куәлігі бар болған жағдайда Түрікменстанның Балканск уәлаятының аумағына 5 тәуліктен артық емес мерзімге визаны ресімдемей-ақ келе алады, кете алады және онда уақытша бола алады.

2. Түрікменстанның Балканск уәлаятында тұрақты тұратын Түрікменстанның азаматтары Түрікменстанның ұлттық паспорттары бойынша онда Түрікменстанның көрсетілген уәлаятындағы тұрғылықты жерін растайтын тіркелім туралы мөртаңба болған жағдайда Қазақстан Республикасының Атырау және Маңғыстау облыстарының аумақтарына 5 тәуліктен артық емес мерзімге визаны ресімдемей-ақ келе алады, кете алады және онда уақытша бола алады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген азаматтардың 5 тәулік визасыз болу мерзімі көрсетілген адамдардың баратын пунктінде ішкі істер органдарының белгіленген тәртіпке сәйкес тіркелу сәтінен бастап есептеледі.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған Тараптар мемлекеттері азаматтарының Тараптар мемлекеттерінің көрсетілген аумақтарында 5 тәуліктен артық мерзімде болуына Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары өздерінің ұлттық заңдарына сәйкес беретін визалардың негізінде рұқсат етіледі.

5-бап

Осы Келісімнің 1 және 2-Қосымшаларында санамаланған құжаттар бойынша келудің визасыз тәртібі мына адамдар:

а) ұлттық паспорттары бойынша және бас декларацияда (ұшу тапсырмасында) жазба болған жағдайда азаматтық авиацияның әуе кемелері экипаждарының мүшелері;

б) теңізшілердің паспорттары бойынша және кеме журналында жазба немесе одан көшірме болған жағдайда теңіз және өзен кемелері экипаждарының мүшелері;

в) ұлттық паспорттары мен атаулы тізімдер, әрбір рейс бекітілетін маршруттық парақтар бойынша поездық, рефрижераторлық және локомотивтік темір жол бригадаларының қызметкерлері;

г) ұлттық паспорттары бойынша және үкіметаралық фельдъегерлік байланыс қызметкерлерінің куәлігі болған жағдайда үкіметаралық фельдъегерлік байланыс қызметкерлері үшін сақталады.

6-бап

Екінші Тарап мемлекетінің визасын алу үшін бір Тарап мемлекетінің азаматтары, осы Келісімде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, белгіленген тәртіппен ресімделген және өздері баратын мемлекеттің тиісті заңды немесе жеке тұлғасынан алынған шақыру қағазын қабылдайтын мемлекеттің дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне көрсетеді.

7-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары қабылдайтын мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын жақын туыстары бар адамдарға осы мемлекеттің заңдарына сәйкес ресімделіп, аталған туыстарынан келген шақыру қағазын көрсетуі бойынша бір жылға дейінгі мерзімге жарамды көп дүркіндік визаларды беретін болады.

2. Өтініш берілген сәттен бастап 24 сағат ішінде Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары Тараптардың құзыретті органдары берген және растаған құжатты көрсетуі бойынша ауыр науқастанып жатқан туысқанына бару немесе оны жерлеуге қатысу мақсатымен (10 күнге дейінгі болу мерзімімен) жол жүретін адамдарға визаны тегін беретін болады.

8-бап

Виза бергені үшін консулдық алымдардың мөлшерін Тараптар өзара кепілдік шарттарымен белгілейді және дипломатиялық арналар бойынша келіседі.

9-бап

1. Виза бергені үшін консулдық алымдар екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы оқу орындарында оқып жүрген бір Тарап мемлекетінің азаматтарынан алынбайды.

2. Тараптар өзара кепілдік негізінде Тараптардың қолданыстағы халықаралық шарттарына сәйкес ғылым, техника, білім, мәдениет, өнер және спорт саласында алмасу тәртібімен жол жүретін адамдарға қатысты виза бергені үшін консулдық алымдардың жеңілдікті тарифтерін қолданатын болады.

3. Тараптар өзара кепілдік негізінде Тараптар мемлекеттерінің туризм желісі бойынша сапарға шығатын азаматтарына визаны ресімдеудің оңайлатылған тәртібін қолданады.

Визаны ресімдеудің оңайлатылған тәртібінің тетігін Тараптар дипломатиялық арналар бойынша келісетін болады.

10-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің азаматтары Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкес мемлекеттік шекараны кесіп өтуі кезінде қажетті рәсімдерді сақтай отырып, халықаралық және екі жақты қатынастар үшін белгіленген өткізу бекеттері арқылы бір Тарап мемлекетінің аумағына келе алады, кете алады және транзитпен өте алады.

2. Тараптар дипломатиялық арналар бойынша мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекеттерінің тізбелерімен алмасатын болады.

11-бап

Бір Тарап мемлекетінің азаматтары, осы Келісімде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, белгіленген тәртіппен берілетін транзиттік визалардың негізінде екінші Тарап мемлекетінің аумағы арқылы транзитпен өте алады.

12-бап

1. Бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған кезінде сол мемлекеттің заңдарын, оның ішінде шетелдік азаматтар үшін белгіленген тіркеудің, болудың және жүріп-тұрудың ережелерін сақтайтын болады.

2. Осы Келісім өз аумағына екінші Тарап мемлекеті азаматтарының келуінен бас тарту немесе олардың болу мерзімін шектеу сияқты әрбір Тараптың құқығына ықпал етпейді.

13-бап

Егер бұл мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті сақтау немесе халықтың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету үшін қажет болса, Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің қолданысын уақытша, толық немесе ішінара тоқтата тұруға қ ұ қ ы л ы .

Осындай шаралардың қабылданғандығы және олардың күші жойылғандығы туралы Тараптар алдын-ала, бірақ шешім қабылданған сәттен бастап 72 сағаттан кешіктірместен, бір-біріне дипломатиялық арналар бойынша хабарлайтын болады.

14-бап

Тараптар осы Келісім жасалған сәттен бастап 30 күн ішінде осы Келісімге 1 және 2-Қосымшаларда санамаланған құжаттардың үлгілерімен алмасатын болады.

Тараптар мемлекеттері жаңа құжаттарды қолданысқа енгізетін жағдайда, Тараптар кем дегенде оларды қолданысқа енгізуден 30 күн бұрын дипломатиялық арналар бойынша осы құжаттардың үлгілерімен алмасатын болады.

15-бап

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

16-бап

Тараптар, қажеттілігіне қарай, осы Келісімнің ережелерін қолдану мәселелері бойынша ақпарат және консультациялар алмасатын болады.

Осы Келісімнің ережелерін орындау немесе қолдану барысында туындайтын кез келген келіспеушіліктер немесе даулы мәселелер Тараптардың консультациялары мен келіссөздері арқылы шешілетін болады.

17-бап

Осы Келісім шектелмеген мерзімге жасалады, Осы Келісім қол қойылған сәтінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

Осы Келісімнің қолданысы Тараптардың бірі екінші Тараптың оның қолданысын тоқтату ниеті туралы ресми жазбаша хабарламасын алған күннен бастап тоқсан күн ө т і с і м е н т о қ т а т ы л а д ы .

Ашхабад қаласында 2001 жылғы 01 наурызда әрқайсысы қазақ, түрікмен және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді ұстанатын болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін
Түрікменстан Үкіметі үшін
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Түрікменстан Үкіметінің арасындағы
азаматтардың өзара сапарлары
туралы келісімге
1-қосымша

Қазақстан Республикасы азаматтарының Түрікменстанның аумағына келуіне, кетуіне және онда жүріп-тұруына арналған құжаттардың ТІЗБЕСІ

1. Дипломаттық паспорт;
2. Қызметтік паспорт;
3. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты (және 4-баптың 1-тармағында ескерілген жағдайларда Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі);
4. Теңізшінің паспорты (кеме журналында жазба немесе одан көшірме болған жағдайда);
5. Әуе кемесі экипажы мүшесінің ұшу куәлігі (экипаж құрамында ұшу кезінде);
6. Үкіметаралық фельдъегерлік байланыс қызметкерінің жеке куәлігі;
7. Қазақстан Республикасына қайта оралуға арналған куәлік (Қазақстан Республикасына қайта оралу үшін ғана).

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Түрікменстан Үкіметінің арасындағы
азаматтардың өзара сапарлары
туралы келісімге
2-қосымша

Түрікменстан азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағына келуіне, кетуіне және онда жүріп-тұруына арналған құжаттардың ТІЗБЕСІ

1. Дипломаттық паспорт;
2. Қызметтік паспорт;
3. Түрікменстан азаматының паспорты;
4. Түрікменстанның азаматтығы туралы жазбасы немесе белгісі бар бұрынғы КСРО үлгісіндегі жалпыазаматтық шетелдік паспорт (2001 жылғы 31 желтоқсанға дейін);

5. Теңізшінің паспорты (кеме журналында жазба немесе одан көшірме болған жағдайда) ;
6. Әуе кемесі экипажы мүшесінің ұшу куәлігі (экипаж құрамында ұшу кезінде);
7. Үкіметаралық фельдъегерлік байланыс қызметкерінің жеке куәлігі;
8. Түрікменстанға қайта оралуға арналған куәлік (Түрікменстанға қайта оралу үшін ғана).

М а м а н д а р :
Б а г а р о в а Ж . А . ,

Қобдалиева Н.М.